



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы 2020-2022 жылдарға арналған САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ

САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ.

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
- 2 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру
3. Еңбекке ақы төлеуді ұйымдастыру
4. Еңбек қатынастары және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу
5. Еңбек және денсаулық сақтау
6. Кадрлық әлеуетті дамыту. Қызметкерлерді кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру
7. Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, кепілдіктер, өтемақылар мен жеңілдіктер
8. Әлеуметтік әріптестікті дамыту
9. Кәсіподақ қызметінің кепілдіктері
10. Қорытынды ереже. Келісімнің қолданылуы және оның іске асырылуын бақылау.

1. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік әріптестік тараптарының өкілетті өкілдері - "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" (бұдан әрі - Министрлік) мемлекеттік мекемесі, "Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы" қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі - Кәсіподақ) және "Ұлттық денсаулық сақтау палатасы" жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі - Ұлттық денсаулық сақтау палатасы), бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп атала отырып, 2020-2022 жылдарға осы салалық келісімді (бұдан әрі - Келісім) жасасты.

2. Осы Келісім Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі - ҚР ЕК), Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Кәсіптік одақтар туралы" Заңына, денсаулық сақтау қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделеріне қатысты басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне, ХЕҰ № 87, № 98 Конвенцияларына және Қазақстан Республикасының

Үкіметі, қызметкерлердің және жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы Бас Келісіміне сай әрекет ететін өзге де халықаралық құқық нормаларына негізделген.

3. Осы Келісім әлеуметтік әріптестіктің негізгі құқықтық актісі болып табылады және қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін, кепілдіктері мен жеңілдіктерін қорғауға, жұмыс берушілердің құқықтары мен мүдделерін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы 22.01.2021 № 1 қосымша келісімімен.

4. Осы Келісімнен туындайтын ережелер Тараптар үшін міндетті болып табылады, Кәсіподақтың филиалдары, Ұлттық денсаулық сақтау палатасы мен денсаулық сақтау басқармалары арасында өңірлік келісімдер және денсаулық сақтау ұйымдарындағы ұжымдық шарттар жасасу кезінде негіздеме болып, кемітуге немесе қысқартуға жатпайды.

5. Келісім жұмыс берушілердің ұжымдық және еңбек шарттарымен айқындалған еңбекке ақы төлеу, жұмыс режимі, демалыс және қызметкерлерді әлеуметтік қолдаудың өзге де шаралары бөлігінде қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер беру құқығын шектемейді.

6. Осы Келісімнің күші Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі атынан мемлекеттік органдарға, Ұлттық денсаулық сақтау палатасы және Кәсіподақ атынан жұмыс берушілер мен қызметкерлерге, сондай-ақ Кәсіподаққа осы Келісімге жазбаша өтініш негізінде қосылған Кәсіподақ мүшелері емес қызметкерлерге және (немесе) олардың өкілдеріне және олардың мүдделерін білдіретін уәкілеттік ететін Кәсіподаққа қолданылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы 22.01.2021 № 1 қосымша келісімімен.

7. Қызметкерлер кепілдігін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және осы Келісіммен салыстырғанда төмендететін келісімдердің, ұжымдық және еңбек шарттарының, жұмыс берушілер актілерінің ережелері жарамсыз деп танылады және қолдануға жатпайды.

8. Осы Келісімнің қолданылуы мерзімінде осы Келісімде белгіленген талаптарды жақсартатын заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілер қабылданған жағдайда, олардың ережелері осы шарттарға қолданылады.

9. Келісім Тараптарының бірінде қайта ұйымдастыру іс-шаралары жүргізілген жағдайда, құқықтар мен міндеттемелер заңды мұрагерге (заңды мирасқорларға) өтеді және жаңа Келісім жасалғанға дейін сақталады.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бағыттарын іске асыру

10. Тараптар:

10.1 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, республика халқына медициналық көмек көрсетудің тиімді және қолжетімді жүйесін құру жөніндегі бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асыруға, сондай-ақ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыруға;

10.2 денсаулық сақтау жүйесінде бәсекелестікті дамытуға, медициналық қызметтер бойынша тарифтік саясатты жетілдіруге, медициналық қызметтердің сапасын арттыруға, денсаулық сақтау мәселелері бойынша халықты дұрыс және объективті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесуге.

10.3. денсаулық сақтау жүйесіне білім, ғылым және инновациялық технологиялар мен медициналық көмектің алдыңғы қатарлы технологияларын трансферттеу бойынша жұмысты одан әрі жалғастыруға;

10.4. министрліктің алқа органдары мен Кәсіподақтың сайланбалы органдарының, Ұлттық денсаулық сақтау палатасының отырыстарында денсаулық сақтау жүйесіндегі бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды қарастыруға және оларды іске асыру бойынша пәрменді шаралар қабылдауға.

10.5. Сапалы және қолжетімді денсаулық сақтауды дамытуды және 2025 жылы күтілетін өмір сүру ұзақтығын 75 жасқа дейін арттыруды бірлескен күш-жігермен жүзеге асыруға, оның ішінде:

қоғамдық денсаулық сақтауды дамыту;

медициналық санитариялық алғашқы көмекті (бұдан әрі - МСАК) басымдықты дамуы;

медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету;

ұлттық дәрілік саясат;

адам ресурстарын басқару тиімділігін арттыру;

инфрақұрылымды дамыту;

денсаулық сақтауды цифрландыру;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды іске асыруға міндеттенеді.

11. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында Тараптар қызметкерлердің құқықтары мен мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша кеңестерге қол жеткізіп, оның ішінде:

1) өндірістік, тұрмыстық, көліктік жарақаттану мен жазатайым оқиғалардың профилактикасы;

2) МСАК командасын кадрлық қамтамасыз етуді: ЖТД, учаскелік мейіргерлердің, әлеуметтік қызметкердің рөлін одан әрі арттыруды, адамдардың денсаулық туралы сауаттылығын арттыруға қызметкерлерді тартуды;

3) дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерін лицензиялауды;

4) медициналық білім беруді одан әрі жаңғыртуды, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен стратегиялық серіктестікті дамытуды;

5) медицина қызметкерлерінің сапалы үздіксіз кәсіби дамуын;

6) денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарын талдау, болжау және мониторингілеуді;

7) медициналық ұйымдар мен медициналық білім беру ұйымдары қызметкерлерінің мәртебесін арттыру жөнінде шаралар қабылдауды;

8) тариф белгілеудің әдістемесін жетілдіруді;

9) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі - МӘМС) қаражатының игерілуін, оның ішінде ұсынылатын медициналық көмектің сапасын қаржылық бақылау тетіктерін іске асыруды жүргізетін болады.

12. Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарын әзірлеу және іске асыру барысында Министрлік пен жергілікті жерлердегі қоғамдық денсаулық сақтау басқармалары Кәсіподақты және оның өкілдерін тартуға міндеттенеді.

3. Еңбекке ақы төлеуді ұйымдастыру

13. Экономикалық қатынастарды және еңбекақы төлеуді жетілдіру, сондай-ақ қызметкердің лайықты еңбек пен лайықты жалақы алу құқығын қамтамасыз ететін шаралар кешенін іске асыру мақсатында Тараптар:

13.1. азаматтық қызметкерлерді, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлерін, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерін қоспағанда, денсаулық сақтау ұйымдарында қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін әзірлеуге;

13.2. денсаулық сақтау қызметкерлерінің тарифтік ставкасының (айлықақы) ең төменгі мөлшері "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген еңбекке ақы төлеудің ең төменгі мөлшерінен төмен бола алмайды;

13.3. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес барлық тараптармен бірлесіп әзірленген әдістемеге сәйкес жылына екі рет еңбекақы көтеру деректерін жинауға, талдауға және мониторинг жүргізуге;

13.4. шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы және басқалай сыйақы жүйелері еңбекақы төлеу қоры белгілеген шекте ұжымдық шартпен анықтауға;

13.5. акционерлік қоғамдардың, коммерциялық емес акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және өзге де ұйымдық-құқықтық нысандағы қызметкерлерінің еңбекақы төлеу мен сыйлықақы жүйелері ұжымдық шартпен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтауға;

13.6. "2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2020 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, "2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 840 қаулысына сәйкес белгіленген ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қаржыландырылатын денсаулық сақтау субъектілері қызметкерлерінің келесі санаттарына "Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің үлгілік жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚРДСМ-213/2020 бұйрығына және "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31 желтоқсандағы 2015 жылғы № 1193 қаулысына (бұдан әрі – 1193 Қаулы) сәйкес белгіленген лауазымдық айлықақыларына түзету коэффициенттерін қолдана отырып жалақы төлеуді қамтамасыз етсін:

жоғары медициналық білімі бар біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандарға (барлық мамандықтағы дәрігерлер, бөлімше меңгерушілері (А, В2 блогы) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2,02; 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2,63; 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2,73;

кәсіптік және техникалық, орта білімнен кейінгі, жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі мамандарға (В3, В4 блогы) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 1,63; 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 1,95 ; 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2,05;

санитарлар (шаруашылық мейіргерлерін қоса алғанда) -1,15.

Қызметкерлердің көрсетілген санаттарына жалақы есептеу кезінде ҚР ЕК 106, 109 және 110 баптарына сәйкес жоғарыда көрсетілген коэффициенттер қолдануға.

Келісімнің осы тармағындағы нормаларды әлеуметтік әріптестік тараптарының арасындағы өңірлік келісімдерге, ұжымдық шарттарға және денсаулық сақтау субъектілеріне еңбекақы төлеу туралы ережелерге міндетті қосу бойынша шаралар қабылдауға;

13.6.1. "2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 77-VII Заңына, "2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 09 желтоқсандағы № 872 қаулысына, Еңбек Кодексінің 107-бабына, "Мемлекеттік мүлік

туралы" Заңның 138-бабының 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы ҚР ДСМ-213/2020 "Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің үлгілік жүйесін бекіту туралы" бұйрығымен, денсаулық сақтау ұйымдары "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен (бұдан әрі - Қаулы) белгіленген бұрын берілген біліктілік санаттарын беру туралы куәліктердің қолданылу мерзімінің аяқталуына қарамастан, бұрын берілген біліктілік санаттарын (жоғары, бірінші, екінші) ескере отырып, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін медицина қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын есептеуді уақытша қамтамасыз етсін.

13.6.2. 2020 жылғы 20 желтоқсандағы ҚР ДСМ № 283/2020 "Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау қағидаларын бекіту туралы" Денсаулық сақтау Министрінің бұйрығына сәйкес, медицина қызметкерлерінің кәсіби өсуін ынталандыру мақсатында денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелері бойынша біліктілік деңгейлеріне қойылатын талаптарды мынадай қол жеткізу өлшем шарттары бойынша қолдану:

- Қаулыға сәйкес "**екінші біліктілік санаты**" біліктілік деңгейіне қол жеткізу бойынша төлемді есептеу үшін кемінде 5 кредит (150 сағат) көлемінде біліктілікті арттыру және кемінде 30 СБ бейресми білім беру нәтижелері, бейінді кәсіптік қауымдастықтан (бар болса) ұсыным хат, үздіксіз өтілі 5 жыл;

- Қаулыға сәйкес "**бірінші біліктілік санаты**" біліктілік деңгейіне қол жеткізу бойынша төлемді есептеу үшін кемінде 5 кредит (150 сағат) көлемінде біліктілікті арттыру және кемінде 60 СБ бейресми білім беру нәтижелері, бейінді кәсіптік қауымдастықтан (бар болса) ұсыным хат, "екінші біліктілік санатына" қол жеткізгеннен кейін үздіксіз өтілі 5 жыл талап етіледі;

- Қаулыға сәйкес "**жоғары біліктілік санаты**" біліктілік деңгейіне қол жеткізу бойынша төлемді есептеу үшін кемінде 5 кредит (150 сағат) көлемінде біліктілікті арттыру және кемінде 90 СБ бейресми білім беру нәтижелері, бейінді кәсіптік қауымдастықтан (бар болса) ұсыным хат, "бірінші біліктілік санатына" қол жеткізгеннен кейін үздіксіз өтілі 5 жыл талап етіледі.

13.6.3. Бейінді емес (медициналық емес) білімі бар (химиялық, биологиялық, педагогикалық, инженерлік және т.б.) денсаулық сақтау қызметкерлерін ынталандыру мақсатында денсаулық сақтау ұйымдарының қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, олардың лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемелерін қолдана отырып, денсаулық сақтау субъектілерінде жалақы төлеуді қамтамасыз етсін.

13.6.4. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 1,23 мөлшерінде денсаулық сақтау субъектілеріндегі қызметкерлердің (медицина және фармацевтика қызметкерлерін қоспағанда) жалақысының белгіленген лауазымдық айлықақыларының мөлшеріне түзету коэффициенттерін қолдана отырып төленуі қамтамасыз етілсін.

Әлеуметтік әріптестік тараптары арасындағы өңірлік келісімге, ұжымдық шарттарға және денсаулық сақтау субъектілері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ережелерге Келісімнің осы тармақтарының нормаларын міндетті түрде енгізу жөнінде шаралар қабылдасын.

13.7. меншік нысанына қарамастан, ауыр жұмыстармен, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды), қауіпті жұмыстармен айналыстың денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлеріне төленетін қосымша ақылар № 1193 қаулыға сәйкес жүргізіледі;

13.8. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қаржыландырылатын денсаулық сақтау субъектілерінің, сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке, сенімгерлік басқаруға, аутсорсингге берілген ұйымдардың қызметкерлеріне сауықтыруға кемінде бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде жәрдемақы төлей отырып, ұзақтығы кемінде күнтізбелік отыз күн негізгі ақылы еңбек демалысын беру және лауазымдық жалақылардың ең төменгі мандерін, тиісті лауазымдық айлықақылардан және азаматтық қызметшілердің қосымша ақыларынан төмен емес қосымша ақының барлық түрлерін белгілеу құқығын сақтауға, оның ішінде № 1193 қаулыға және осы Келісімге сәйкес ерекше еңбек жағдайлары үшін үстемеақы төлеуге;

13.9. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қаржыландырылатын меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау субъектілерінің барлық қызметкерлеріне, оның ішінде, санитарларға, шаруашылық бикелеріне, күтушілерге кемінде бір лауазымдық ақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлеу бойынша шаралар қабылдауға ;

13.10. АИТВ-мен байланысты профилактикалық, емдеу-диагностикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын медицина қызметкерлеріне, қызметшілерге және техникалық қызметкерлерге алты сағаттық қысқартылған жұмыс күні, ұзақтығы күнтізбелік жиырма төрт күн төленетін қосымша демалыс, кәсіби зияндылығы үшін лауазымдық айлықақысының алпыс пайызы мөлшерінде қосымша еңбекақы төлеуге;

13.11. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы 22.01.2021 № 1 қосымша келісімімен.

13.12. жан басына шаққандағы нормативтің қосымша (ынталандырушы) компоненті жүйесін (ЖБИІНКЖ) жетілдіру және амбулаториялық-емханалық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға қатысатын және өз еңбегі үшін қосымша ақы алуға құқығы бар мамандардың тізбесін кеңейту бойынша шаралар қабылдауға;

13.13 ұйымның орналасқан жері мен түріне тәуелсіз денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігерлері мен орта медицина қызметкерлері үшін үйдегі кезекшілік белгіленуі мүмкін. Үйдегі кезекшіліктің әр сағатына кеткен уақыт, күндізгі, сондай-ақ түнгі жұмыс уақыты нормасының әр жарты сағатына сай есептеледі. Осы кезекшілікті орындаушы қызметкер жұмыс орнына (ұйымға), оқиға орнына, науқастың үйіне шақырылған жағдайда, шақыртуға кеткен нақты жұмыс уақыты қызметкердің лауазымдық айлықақысы (мөлшерлеме) есебінен денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлеріне түнгі уақытта және мереке күндері төленетін тәртіпті сақтай отырып төлеуге;

13.14. сала қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу саласында мемлекеттік кепілдіктердің іске асырылуын, жалақының толық және уақтылы төленуіне бақылауды қамтамасыз етуге келісті.

13.15. жұмыс уақытын есепке алу кезінде гигиеналық душ қабылдаумен жеке қорғаныш құралдарын киюге және шешуге жұмсалған уақытты жұмыс уақытына жатқызуға.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы 22.01.2021 № 1; 04.03.2022 № 2 қосымша келісімдерімен.

14. Министрліктің өзіне мынадай міндеттемелерді:

14.1. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы 22.01.2021 № 1 қосымша келісімімен.

14.2. Кәсіподақ өкілдерін (Кәсіподақ филиалдарының төрағаларын) Министрлік, облыстық (қалалық) қоғамдық Денсаулық сақтау басқармалары Алқаларының құрамына енгізуге және оларды әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарына қатысты денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау және қарау жөніндегі комиссиялар мен топтардың жұмысына қатыстыруды;

14.3. Кәсіподақ өкілдерін ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілері арасында медициналық қызметтердің көлемін таңдау және орналастыру жөніндегі республикалық және аумақтық әлеуметтік медициналық сақтандыру қорлары комиссияларының құрамына енгізуге ұсынуды;

14.4. қаржы қаражаты болған жағдайда еңбек тиімділігін арттыруға қызметкерлердің уәждемесін ескере отырып, денсаулық сақтау субъектілері қызметкерлерінің еңбек ақы төлеу қорларын қалыптастыруды қамтамасыз етуді қабылдайды.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы 22.01.2021 № 1 қосымша келісімімен.

15. Кәсіподақ:

15.1. осы Келісімде, ұжымдық шарттарда және денсаулық сақтау субъектілерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ережелерде бекітілген шарттарда және тәртіппен денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының сақталуына, жалақының уақтылы төленуіне оның көтерілуін ескере отырып, қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге;

15.2. Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз етуге;

15.3. Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделеріне байланысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау және қарау бойынша комиссия, жұмыс топтарының жұмысына қатысуға;

15.4. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға және медицина қызметкерлерінің еңбекақысының нақты деңгейіне мониторинг жүргізуге белсенді қатысуға;

15.5. Ел Президентінің Жолдауларында денсаулық сақтау жүйесінің алдына қойылған міндеттерді орындау шеңберінде Министрліктің бастамаларын іске асыруға қатысуды жалғастыруға міндеттенеді.

4. Еңбек қатынастары және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу

16. Өз құзіреті шегінде тараптар өздеріне мынадай міндеттерді:

16.1. Денсаулық сақтау субъектілері қызметкерлермен еңбек шартын жасасқанда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы нормаларының, Қазақстан Республикасы Үкіметі, қызметкерлердің және жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы Бас Келісімнің, осы Келісімнің сақталуын пәрменді қадағалаумен қамтамасыз ету;

16.2. өз өкілеттігі шегінде әлеуметтік шиеленіс пен еңбек дауларының туындау тәуекелдеріне мониторинг жүргізу, мониторинг нәтижелерін салалық комиссияның отырыстарында қарау;

16.3. денсаулық сақтаудағы кадр саясатын іске асыру, медицина және фармацевтика қызметкері мамандығының беделін арттыру, олардың әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін тиімді қорғау мәселелерін шешудің кешенді тәсілімен қамтамасыз ету;

16.4. "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру бойынша, оның ішінде ұрпақтар сабақтастығын дамыту және нығайту, тәлімгерлік, жастардың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтыру және спортпен айналысу үшін жағдай жасау, студенттік форумдарды ұйымдастыру және өткізу бойынша іс- шаралар әзірлеу;

16.5. инновациялық технологияларды енгізуді ескере отырып, денсаулық сақтаудың зияткерлік әлеуетін сақтау және дамыту, ұрпақтар сабақтастығын дамыту және нығайту

, медицина және фармацевтика қызметкері мамандығының беделін арттыру бойынша шаралар кешенін әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

16.6. салалық біліктілік шеңберін бекіту тәртібі туралы ережені әзірлеуді алады.

17. Министрлік пен Ұлттық денсаулық сақтау палатасы:

17.1. ҚР ЕК 12-бабына сәйкес, Кәсіподақ өкілдерінің дәлелді ойын ескере отырып, қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарына қатысты жұмыс берушінің актілерін шығаруды жүзеге асыруды, оның ішінде:

1) босатылған қызметкерлерді жұмыспен қамтуды, даярлауды, қайта даярлауды, еңбекпен қамтамасыз етілуін;

2) қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесі туралы;

3) даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан өтіп жатқан, сондай-ақ жұмысын оқумен қоса атқарып жүрген қызметкерлерге жеңілдіктер мен кепілдіктер туралы;

4) еңбек тәртібінің ережесі;

5) демалыс кестесі;

6) ауысым кестесі;

7) толық емес жұмыс уақыты тәртібін енгізу;

8) ҚР ЕК 52-бабының 1-тармағының келесі тармақшаларымен көзделген негіздер бойынша еңбек шартын бұзу:

- 2) тармақша (жұмыскерлердің санын немесе штатын қысқарту);

- 3) тармақша (жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндіріс көлемінің төмендеуі);

- 7) тармақша (сынақ мерзімі кезеңінде жұмыс нәтижесі теріс болған);

- 8) тармақша (жұмысшының бір жұмыс күні ішінде дәлелді себепсіз үш және одан көп сағат бойы жұмыста болмауы);

- 16) тармақша (тәртіптік жазасы бар жұмыскер еңбек міндеттерін дәлелді себепсіз қайталап орындамаған немесе қайталап тиісінше орындамаған);

17.2. денсаулық сақтау субъектілерінде жұмыс істейтін қызметкерлер санын негізсіз қысқартуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға;

17.3. қызметкерлердің санын немесе штатын қысқартудың өндірістік қажеттілігі кезінде, оның ішінде аутсорсинг кезінде Кәсіподақ өкілдерімен міндетті өзара консультациялар өткізу және штаттарды қысқарту рәсімі басталғанға дейін кемінде 1 ай бұрын қызметкерлердің жұмыспен қамтылуын, әлеуметтік қорғалуын қолдау жөніндегі іс-шаралар әзірлеуге;

17.4 жеке және ұжымдық еңбек дауларын жедел сотқа дейін қарау және шешу мақсатында Кәсіподақ және жұмыс берушілер өкілдерінің тең санынан тепе-тең негізде келісу және бітімгерлік комиссиялар құруға;

17.5 сала қызметкерлерінің біліктілік деңгейін және кәсіби дағдыларын жоғарылатуды жұмыс беруші есебінен және жұмыс орнын, орташа жалақыны сақтай

отырып, ҚР заңнамасында және ҚР ЕК 118-бабының 4-тармағына сәйкес оқу шартының талаптарында көзделгеннен төмен емес мөлшерде іссапар шығыстарын төлеуді қамтамасыз етуге;

17.6. жұмысқа шыққан сәттен бастап алғашқы 6 ай ішінде декреттік демалыстан немесе бала күтіміне байланысты демалыстан шыққан әйелдер үшін кәсіби қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтуді қамтамасыз етуге;

17.7. сала қызметкерлерінің біліктілік деңгейі мен кәсіби білімін анықтау жөніндегі аттестаттау комиссияларына Кәсіподақ өкілдерін қосуды ұсынуға;

17.8. ҚР ЕК 52-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларымен көзделген негіздер бойынша зейнеткерлік жасқа жету үшін екі жылдан кем уақыт қалған қызметкерлермен еңбек шартын бұзуға жол бермеуге;

17.9. жастар арасында жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту үшін жағдай жасау мақсатында:

1) ҚР ЕК 30-бабы 1-тармағының 3), 4), 5), 6) тармақшаларымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, екі жыл мерзімге жұмысқа алғаш түскен жас мамандармен белгілі мерзімге еңбек шартын жасауды қамтамасыз етуге;

2) он сегіз жасқа толмаған адамдарды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген, алған мамандығы бойынша жұмысқа алғаш кіретін адамдарды жұмысқа қабылдау кезінде, бірақ олар аяқталған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей оларға сынақ мерзімін белгілемеуге міндеттенеді.

18. Кәсіподақ:

18.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған сала қызметкерлерінің еңбек құқықтары мен мүдделерінің сақталуына, соның ішінде жұмыс орнының қысқаруына негізділік, меншік иесі ауысқан жағдайда, ведомстволық бағыныстағы тиістілігі өзгергенде немесе мекеме қайта құрылғанда қызметкерлердің құқықтық кепілдері мен өтемақыларының сақталуына қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге.

18.2. жеке және ұжымдық еңбек дауларын сотқа дейінгі тәртіппен қарауға жәрдем көрсетуге;

18.3. Кәсіподақ мүшелеріне тегін заң және консультациялық көмек беруге, олардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге;

18.4. Кәсіподақтың Орталық Кеңесі және филиалдары жанындағы жастармен жұмыс бойынша тұрақты қызмет атқаратын комиссия қызметін жандандыруға.

18.5. Кәсіподақ (конкурс негізінде) орта және жоғарғы медициналық білім беру ұйымдарының студенттеріне шәкіртақы төлеуді жүзеге асыруды жалғастыруға міндеттенеді.

5. Еңбек және денсаулық сақтау

19. Тараптар:

19.1. саладағы Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кеңесті қалыптастыру және оның қызметінің тәртібі туралы ережені әзірлеуге және бекітуге;

19.2. салада кәсіби тәуекелдерді басқару жүйесін және еңбекті қорғауды басқарудың өтемақылық, шығындық моделінен кәсіби тәуекелдерді басқарудың қазіргі заманғы жүйесіне көшуді қамтитын еңбекті қорғауды басқарудың кешенді әдістерін тұжырымдамалық өзгертуге және енгізуге бағытталған еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жаңа стратегиясын әзірлеу және енгізуге, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау мақсатында еңбек жағдайларын сараптаудың рөлін арттыру бойынша консультациялар жүргізуге;

19.3. әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық және облыстық комиссиялардың отырыстарында еңбекті қорғау және қауіпсіздік, өндірістік жарақаттану және кәсіптік сырқаттанушылық жай-күйі мәселелерін қарауға және қарау нәтижелері бойынша шаралар қабылдауға;

19.4. қолданыстағы заңнамаға сәйкес өндірістегі жазатайым оқиғаларды уақытылы тергеп-тексеруге, өндірістік жарақат профилактикасы, соның ішінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша шара қабылдауға;

19.5. жұмыс берушінің қаражаты есебінен сала қызметкерлерін міндетті медициналық, оның ішінде АИТВ инфекциясы, В және С, Д парентералды вирусты гепатиттерін қарап-тексеруден өткізуді қамтамасыз етуге;

19.6. қызметкер еңбек міндеттерін атқаруына байланысты, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарды орындау кезінде оның өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтірілген жағдайда келтірілген шығынды жұмыс беруші Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасында көзделген көлемде өтеуге;

19.7. медицина қызметкерлерін қажетті еңбек жағдайларын және жұмыс орнының жарақтандырылуын, оның ішінде қазіргі заманғы ұйымдастыру техникасымен, заманауи талаптар деңгейінде лицензиялық бағдарламалық жасақтамамен қамтамасыз етуге міндеттенеді.

20. Министрлік және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы:

20.1 Қызметкерді дені сау және қауіпсіз еңбек жағдайы құқығымен қамтамасыз етуге, өндірістік жарақатты және қызметкерлердің кәсіби ауруларының туындауының еңбек қауіпсіздігінің заманауи құралдарын енгізуге;

20.2 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығымен бекітілген Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ

оларды беру қағидаларына сәйкес еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыс істейтін жұмысшыларға жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысына және жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына кепілдік берілген құқықтық қамтамасыз етуге.

20.3 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығымен бекітілген Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мен еңбек заңнамасын түсіндіру бойынша келіссөздер жүргізу, еңбек дауларында бітімгершілікке келу туралы тренингтердің оқу жүйесін жетілдіруге басшылар мен ведомствоға бағынысты ұйымдардың қызметкерлеріне, сондай-ақ қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелерімен айналысатын Өндірістік одақ мүшелері иен Кәсіподақ өкілдеріне аталған мәселе бойынша нұсқаулық өткізіп, білім деңгейін тексеріп, оқыту жүйесін жетілдіруге;

20.4 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1054 бұйрығымен бекітілген Жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдері, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру, оларды ұжымдық қорғаныс құралдарымен, санитарлық тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау іс-шараларын, оның ішінде қызметкерлерді арнайы киіммен, аяқ киіммен және басқа да қорғау құралдарымен толықтай қамтамасыз етуді қаржыландыруға шара қабылдауға;

20.5 Әлеуметтік мәні бар аурулар, оның ішінде адамның иммун тапшылығы вирусымен туындаған аурулар (АИТВ), парентералды вирустық гепатиттер, туберкулез профилактикасы бойынша бірлескен жұмыс жүргізуге. Халықаралық еңбек ұйымының АИТВ/ЖИТС және еңбек саласы туралы ұсыныстарды ілгерлету жөніндегі шараларды қабылдауға;

20.6 "Өндірістердің, жұмыстардың, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1562 қаулысына сәйкес денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне міндетті зейнетақы жарналарының аударылуын қамтамасыз етуге;

20.7 "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" ҚР. Заңына сәйкес қызметкерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым оқиғалардан сақтандыруды жүзеге асыруға;

20.8 медицина қызметкері тарапынан ұқыпсыз немесе салғырттық қатынас болмаған кезде пациенттің денсаулығына зиян келтіргені үшін кәсіби жауапкершілікті сақтандыру туралы заң жобасын әзірлеуге;

20.9 ТМҚКК шеңберінде сала қызметкерлерінің скринингтік зерттеп - караудан өтуін қамтамасыз етуге;

20.10 ТМҚКК көрсету шеңберінде және МӘМС жүйесінде тарифтерді әзірлеу кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралардың, ҚР ЕК 125-бабына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен сала қызметкерлеріне жыл сайын міндетті медициналық қарап-тексеру жүргізуді ескеруге міндеттенеді.

21. Кәсіподақ:

21.1 өндірістік жарақаттану мен кәсіби сырқаттанушылықты төмендету мақсатында еңбекті қорғау жөніндегі қызметкерлердің құқықтық мәдениетін арттыру жөнінде іс-шаралар өткізуге;

21.2 еңбек заңнамасының сақталуына, денсаулық сақтау ұйымдарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға, қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметтік міндеттерін орындау кезінде қызметкерге келтірілген зиянды уақтылы және толық өтеуге тиімді қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға;

21.3 еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу саласында заңнама талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимылдар шеңберінде ұйымдардағы Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестердің тиімді жұмысын қолдауға, техникалық инспекторларды Өндірістік кеңестердің құрамына сайлауға;

21.4 өндірісте зардап шеккен Кәсіподақ мүшелеріне және қаза тапқандардың отбасыларына құқықтық және материалдық көмек көрсетуге;

21.5 салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыс жүргізу, медициналық көрсетілімдер бойынша сауықтыруға мұқтаж кәсіподақ мүшелерін санаторшілік-курорттық емделуге, сондай-ақ олардың балаларын сауықтыруға жеңілдік жолдамаларымен қамтамасыз етуге жәрдемдесуге міндеттенеді.

6. Кадрлық әлеуетті дамыту. Қызметкерлерді кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру

22. Медициналық технологиялардың жылдам дамуын, жаңа ғылыми білімнің пайда болуын, фармацевтикалық нарықтың өсуін, медициналық қызмет көрсету мен көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктің өзгеруін ескере отырып, медициналық білім беруді жаңғырту және адами капиталды стратегиялық басқару мақсатында Тараптар:

22.1 кадрлық әлеуетті және біліктілікті дамыту жөніндегі үйлестіру орталығын қалыптастыру және оның қызметінің тәртібі туралы ережені әзірлеуге;

22.2 медициналық, фармацевтикалық қызметкерлердің, ақпараттық медициналық техника және технология қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыруды және

біліктілігін үздіксіз арттыруды қамтамасыз ететін пәрменді және тиімді тетікті құруға ықпал етуге;

22.3 медицина қызметкерлерін кәсіби даярлауға және олардың жаңа құзыреттіліктерді, оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеруіне, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру міндеттерін шешуге жәрдемдесуге;

22.4 медициналық жоғары оқу орындарының, колледждердің профессорлық-оқытушылық құрамын және денсаулық сақтау менеджерлерін білім берудегі көшбасшылық, корпоративтік басқаруға, ауруханалық басқару саласындағы менеджмент, академиялық еркіндік және дербес бағдарламалары бойынша кәсіби даярлауға жәрдемдесуге;

22.5 медицина қызметкерлерін дәрігерлік қызмет бейіні бойынша қосымша кәсіптік білім алу құқығына және орта медицина персоналын жұмыс берушінің қаражаты есебінен бес жылда кемінде бір рет жүзеге асыруға;

22.6 "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" ҚР Заңында көзделген денсаулық сақтау ұйымдарында жастардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз етуді жастар саясатын іске асыру жөніндегі басым бағыт ретінде есептеуге уағдаласты.

23. Министрлік және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы:

23.1 Денсаулық сақтау субъектілеріне медицина қызметкерлерінің оң имиджін қалыптастыру және әлеуметтік мәртебесін арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру мен қаржыландыруды қамтамасыз етуді ұсынуға:

- "Үздік дәрігер", "Денсаулық сақтау ұйымының үздік қызметкері", "Үздік денсаулық сақтау ұйымы" және т. б. республикалық конкурстарға.;

- дәрігердің кәсіби даму мәселелерін қоғамдық-кәсіби талқылауды ұйымдастыру бойынша іс-шаралар: семинарлар мен ашық пікірталастар, форумдар, дөңгелек үстелдер өткізуге;

- медицина қызметкерлерінің оң имиджін қалыптастыру бойынша іс-шараларды;

- медицина қызметкерінің оң имиджін қалыптастыру және тарату үшін дәрігерлер қауымдастықтарымен, еңбек ардагерлерінің кеңестерімен бірлескен жұмыс жүргізуге;

23.2 медициналық кадрларға қажеттіліктің, медициналық кәсіптік білім беру мекемелерінің түлектерін жұмысқа орналастырудың жыл сайынғы мониторингін жүргізуге.

23.3 ұйымда жұмыс істеген алғашқы жылы барлық жас қызметкерлерге тәлімгерлерді бекіту. Жас қызметкерлердің тәлімгерлеріне ұжымдық шартта белгіленген жағдайларда жас қызметкерлермен жұмыс істегені үшін қосымша ақы белгілеуді.

23.4 өңірлік келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасу кезінде оларға жас қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі арнайы бөлімдерді енгізуге міндеттенеді.

24. Кәсіподақ:

24.1 Орталық кеңес пен Кәсіподақ филиалдары жанындағы жастармен жұмыс жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиялардың жұмысын жандандыруға;

24.2 кадрлық әлеуетті сақтау және дамыту, тәжірибе сабақтастығын, кәсіби өсу мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында жас қызметкерлер арасынан Кәсіподақтағы сайланатын лауазымдарға резервті қалыптастыру және оқыту жөніндегі жұмысты жүргізуге;

24.3 денсаулық сақтау субъектісі қызметінің тиімділігін арттыруға жас қызметкерлердің қатысуын жандандыруға бағытталған Бастауыш кәсіподақ ұйымының Жастар кеңесін құруға және оның жұмысына жәрдемдесуге міндеттенеді.

7. Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, кепілдіктер, өтемақылар мен жеңілдіктер

25. Тараптар:

25.1 Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері үшін, әсіресе жас мамандарға, оның ішінде ауылдық жерлерде, шағын қалаларда, өңірлерде әлеуметтік қолдаудың пәрменді шаралары бойынша бірлескен күш салуға.

25.2 жергілікті атқарушы органдардан:

1) ауылдық жерде тұратын және жұмыс істейтін медицина қызметкерлеріне отын мен коммуналдық қызмет шығындарын толық өтеуге;

2) міндетті үш жылдық жұмыс істеу бағыты бойынша жұмысқа орналастырылған жас мамандар үшін қауіпсіз жұмыс орнын толық жарақтандыра отырып, сапалы тұрғын үй, көтерме төлемдер, әлеуметтік пакеттер, лайықты еңбек жағдайларын міндетті түрде ұсынуға;

3) қалалар мен ауылдардың медицина қызметкерлеріне жүріп-тұру сипатына байланысты көлік шығыстарын өтеуге;

4) тұрғынжайды жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлемдерін, тұрғын үй сатып алу үшін толық немесе ішінара төлемдерін жасауға, сондай-ақ медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға бағытталған өзге де жеңілдіктер белгілеуге;

5) ауылдық елді мекендерде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын медицина қызметкерлеріне жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беруге;

6) біржолғы сыйақы төлей отырып немесе онсыз, жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарды тағайындау және ынталандырудың өзге де нысандары арқылы, оның ішінде Қазақстан Республикасында белгіленген мерекелік күндерге орай медицина қызметкерлерін көтермелеудің қосымша шараларын белгілеуге;

7) медицина қызметкерлерінің балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі ұйымдардан орындарды бірінші кезектегі тәртіппен беруге бірлескен күш салуға уағдаласты.

26. Министрлік пен Ұлттық денсаулық сақтау палатасы:

26.1 медициналық қызметкерлерге заңды түрде белгіленген жеңілдіктер мен кепілдіктер беру жөнінде пәрменді шаралар қабылдауға, оның ішінде:

- мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау кезінде;
- медициналық қарап-тексерілуге жіберу кезінде;
- қызметтік іссапарларға жіберу кезінде;
- донор болып табылатын қызметкерлер үшін;
- жұмыстан айырылуына байланысты;
- заңнамада көзделген басқа жағдайларда.

26.2 қызметкердің зейнеткерлік жасқа толуына байланысты ҚР ЕК 52-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көзделген негіздер бойынша жұмыстан босатылған кезде еңбек, ұжымдық шарттар және (немесе) жұмыс берушінің актілері арқылы кемінде бір лауазымдық жалақы мөлшерінде өтемақы төлеу туралы норманы енгізуге;

26.3 денсаулық сақтау субъектілеріне қызметкерлерді лауазымдық міндеттерін адал орындағаны, жұмыстарды жоғары сапалы орындағаны үшін, бастамашылдығы, шығармашылық белсенділігі үшін және денсаулық сақтау ұйымдарында еңбекке ақы төлеу туралы бекітілген ережелерге сәйкес көтермелеу ұсынуға.

26.4 білім беру ұйымдарында оқитын қызметкерлерге сынақтар мен емтихандарды дайындау және тапсыру, зертханалық жұмыстарды орындау, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және қорғау үшін, әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасынан өту үшін ақы төленетін оқу демалыстарын беруге. Оқу демалысын төлеу мөлшерін ұжымдық шартпен және оқыту шартымен айқындауға;

26.5 маман біліктілігін беру бойынша сынақ және міндетті тестілеуден өту үшін қызметкерге ақы төленетін екі күн беруге;

26.6 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 128 бұйрығымен көзделген медициналық қарап-тексерулерге ақы төлеуді жұмыс берушілердің қаражаты есебінен қамтамасыз етуге міндеттенеді.

8. Әлеуметтік әріптестікті дамыту

27. Тараптар:

27.1 саланың органдары мен ұйымдарының барлық деңгейлерінде әлеуметтік әріптестік қағидаттарын одан әрі дамытуды және жетілдіруді, жасалатын келісімдер мен ұжымдық шарттардың тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге.

27.2 осы Келісімнің шарттарын орындау нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде салалық және кәсіподақ баспасөз басылымдарында, Тараптардың ресми сайттарында жариялауға.

27.3 қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық және кәсіби мүдделерін қозғайтын қызметтің перспективалық жоспарлары мен бағыттары туралы толық және уақтылы ақпарат беруге;

27.4 денсаулық сақтау ұйымдарына келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасу бойынша ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек көрсетуге.

27.5 тараптар қабылдаған міндеттемелердің іске асырылуын бақылауды жүзеге асыруға және салалық келісімнің орындалу барысын салалық комиссияның отырыстарында үнемі қарауға;

27.6 әлеуметтік әріптестік шеңберінде әлеуметтік-еңбек шиеленістерінің және ереуілдердің алдын алу және оларды болдырмау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге;

27.7 келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеуге және қабылдауға қатысу үшін байқаушылар тобын қалыптастыру тәртібі, құзыреті және қызметі туралы ережені әзірлеуге міндеттенеді;

27.8 Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша келіссөздерді әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия жүзеге асырады. Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде, өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашы болған Тарап басқа Тараптарға келіссөздердің басталғаны туралы жазбаша хабарлама жібереді. Салалық комиссияның құрамын Тараптар дербес анықтайды. Комиссия туралы ереже, оның жұмыс тәртібі салалық комиссияның отырысында бекітіледі.

9. Кәсіподақ қызметінің кепілдіктері

28. Министрлік және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы:

28.1 ұлттық заңнамаға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған ХЕҰ конвенцияларына сәйкес кәсіподақ құқықтарын еркін жүзеге асыруды және әрбір қызметкердің, кәсіподақ мүшесінің еркін пікірін таниды.

28.2 қызметкерлердің заңмен кепілдік берілген әлеуметтік, еңбек және өзге де құқықтары мен бостандықтарын шектеуге, кез келген қызметкерге оның Кәсіподаққа мүшелігіне немесе Кәсіподақ қызметіне қатысуына байланысты мәжбүрлеу, жұмыстан босату немесе ықпал етудің өзге де нысандарына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға міндеттенеді;

28.3 Кәсіподақтың және оның ұйымдық құрылымдарының саладағы қызметінің заңмен белгіленген құқықтары мен кепілдіктерін сақтау жөнінде шаралар қабылдауға;

28.4 Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету үшін сала ұйымдарында өтеусіз пайдалануға үй-жай, жиһаз, байланыс құралдары және басқа да ұйымдастыру техникасының құралдарын береді, сондай-ақ қызметкерлер үшін қолжетімді орындарда ақпаратты орналастыру мүмкіндігін беруге;

28.5 жарғылық міндеттерді және заңнамамен берілген құқықтарды іске асыру үшін сайланбалы кәсіподақ органдарының өкілдеріне кәсіподақ мүшелері жұмыс істейтін ұйымдарға баруына кедергі келтірмеуге;

28.6 Кәсіподақ органдарына олардың сұранысы бойынша еңбек жағдайлары, жалақы, тұрғын үй қызметтері, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының жұмысы, жұмысшылардың тұрмыстық жағдайлары және басқа да әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша ақпарат, мәлімет және түсініктеме беруге;

28.7 жұмыс беруші өкілдерінің кәсіподақ ұйымдары мен олардың органдарының қызметіне араласуына жол бермеу, сондай-ақ олардың қызметіне кедергі келтіру жөнінде қажетті шаралар қабылдауға;

28.8 негізгі жұмыстан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерін жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатуға, сондай-ақ оларға тәртіптік жаза қолдануды олар мүшелері болып табылатын кәсіподақ органының дәлелді пікірін ескере отырып ғана жүргізуге;

28.9 жұмыс берушінің бастамасы бойынша негізгі жұмыстан босатылмаған кәсіподақ органының басшыларын (төрағаларын) жұмыстан шығаруға, сондай-ақ оларға тәртіптік жаза қолдану заңды тұлғаны тарату не жұмыс берушінің қызметін тоқтату жағдайларын қоспағанда, жоғары тұрған кәсіподақ органының дәлелді пікірін ескере отырып ғана жүргізуге;

28.10 Кәсіподақ мүшелеріне кәсіподақ жарғысында белгіленген мерзімділікпен жұмыс уақытында жиналыстарды еркін өткізу құқығын беруге уағдаласты;

28.11 босатылмаған кәсіподақ қызметкерлеріне, оның ішінде еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға ұжым мүддесінде қоғамдық міндеттерді орындау үшін орташа жалақысын сақтай отырып, уақыт беруге міндеттенеді. Осы уақыттың нақты ұзақтығы ұжымдық шартпен белгіленеді;

28.12 Кәсіподақ органдарының мүшелері кәсіподақ оқуы, Кәсіподақ шақыратын съездерге (конференцияларға) делегаттар ретінде қатысу кезінде, сондай-ақ оның сайланбалы органдарының жұмысына өз мүшелерінің мүддесінде қоғамдық міндеттерді орындау үшін орташа жалақысы сақтала отырып, негізгі жұмыстан босатылады;

28.13 Кәсіподақ мүшелері болып табылатын қызметкерлердің жазбаша өтініштері болған кезде, айына бір рет, келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірмей, жұмыс берушілер жергілікті жерлердегі тиісті филиалдың шотына жалақының барлық түрлерінен мүшелік кәсіподақ жарналарын толық көлемде аударады;

28.14 Кәсіподақ құқықтарының бұзылуына кінәлі немесе оның заңды қызметіне кедергі келтіретін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

10. Қорытынды ереже. Келісімнің қолданылуы және оның іске асырылуын бақылау

29. Тараптар Келісімге қол қойылғаннан кейін күнтізбелік отыз күннің ішінде оның мәтінін денсаулық сақтау органдары мен ұйымдары, Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелері, Ұлттық денсаулық сақтау палатасы басшыларының назарына жеткізеді және бір ай мерзімде қабылданған міндеттемелерді іске асыру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді. Келісімге қол қойған әрбір Тарап өз өкілеттіктері шегінде өз жауапкершілігін таниды және туындайтын проблемаларды шешуде ынтымақтасуға міндеттенеді.

30. Тараптардың ешқайсысы Келісімнің белгіленген қолданылу мерзімі ішінде бір жақты тәртіппен өзіне қабылдаған міндеттемелердің орындалуын өзгерте немесе

тоқтата алмайды. Оған өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша енгізіледі.

31. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеуді қамтамасыз ету, әлеуметтік әріптестік Тараптарының мүдделерін келісу, келісімді әзірлеу мен жасасу, оның орындалуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру үшін әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін Салалық комиссия құрылады.

32. Қабылданған міндеттемелердің орындалуын бақылауды Келісімнің тараптары мен олардың өкілдері, сондай-ақ әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия келісімді орындаудың жыл сайынғы қорытындыларын шығару арқылы жүзеге асырады.

33. Бақылауды жүргізу үшін Келісім Тараптары жыл сайын бір-біріне оның орындалу барысы туралы толық және дұрыс ақпарат береді.

34. Келісімде көзделген міндеттемелердің орындалмауына кінәлі лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

35. Осы Келісім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және жаңа келісім қабылданғанға дейін, бірақ 2023 жылғы ақпаннан кешіктірмей қолданылады.

36. Келісім 2020 жылғы 13 қаңтарда Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік және орыс тілдерінде 8 данада жасалды. Қол қойған қатысушылардың әрқайсысында Келісімнің бір данасы бар.

Осы салалық Келісімге қол қойды:

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрі	Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Төрағасы	Ұлттық денсаулық сақтау палатасының Басқарма төрағасы
Е. Біртанов	Б. Тәжібай	Т. Құлахметов